

Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледж
Высший колледж имени Кумаша Нурғалиева

Татаева Б.Д

Әдістемелік құрал

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша

БМ 01.01 «Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану»

0402000 «Дизайн(бейін бойынша)» мамандығына арналған

Біліктілік: 0402022 «Көркемдік-әсемдеу жұмыстарын
орындаушы»

Өскемен қаласы, 2022 г.
Усть-Каменогорск, 2022 ж.

«Кәсіби қазақ тілі» әдістемелік құралы «Жалпы білім беру пәндері» кафедрасының отырысында қаралды және мақұлданды

Хаттама /Протокол № 7

«10» 02 2022 ж/г.

Кафедра меңгерушісі/

Денкина
(қолы)/ (подпись)

Л. С. Деньгина
(Т.А.Ә./Ф.И.О.)

Әдістемелік нұсқаулық Құмаш Нұрғалив атындағы жоғары колледждің
Әдістемелік кеңесінде қаралып, мақұлданды
Хаттама/протокол № 3 01 15 02 2022.

Татаева Б.Д. Әдістемелік құрал «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша 0402000 «
Дизайн(бейін бойынша)» мамандығына арналған

Пікір жазушылар:

Абай атындағы ШҚГК қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
магистр.ШКО ТЖКББ орталығы бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен
ОӘБ жетекшісі, Қайкенова Айнура Муратовна.

ҚАЕУ жоғары колледжінің ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша
директордың орынбасары, Таскимбаева Роза Капановна.

Әдістемелік құралдың мақсаты: білім алушыларға жаңа тақырыпты
(лексикалық) барынша меңгерту, кәсіби тілді дамыту болып табылады. Оқу
құралы «Дизайн» мамандығына арналған матіндерден, мәтінге арналған
тапсырмалардан тұрады, грамматикалық тақырыптарды қайталау мақсатында
жазб жұмыстарымен ауызекі сөйлеуді дамыту үшін жағдайатық тапсырмаларға
да ұсынылған. Тапсырмалар танымдық, қатысымдық бағытта құрылған, сондай
ақ тапсырмалар жұмыстары білім алушылардың білім деңгейін бақылауға
қойылады. Бұл оқу әдістемелік құралды «Дизайн» мамандығының білім
алушылар қолдана алады.

Түсіндірме жазба

Пән/модуль сипаттамасы

Теориялық білімін күнделікті өмірде, кәсіби мамандығында қолдану.

- қазақ тілінің кәсіби бағдар берудегі қызметін ұғыну

-Қазіргі жағдайдағы ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегімен өз бетімен тауып, талдап, өзгертіп, сақтап, ақпараттарды түсіндіріп, талдап беруге дағдыландыру.

-Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы мен жазылуын, орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарын, пунктуациялық заңдылықтарын меңгереді.

-Оқу үрдісінде берілген ақпараттарды қабылдау, өз бетінше мәліметтер жинақтау.

-Ауызекі тілдесімде өз ойларын жүйелі жеткізу және таңдаған кәсіп саласына байланысты қолдана білу

Қалыптастырылатын құзыреттіліктер

- мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын меңгеру;

- мамандыққа қатысты сөздерді сөз тіркесінде, сөйлем құрауда қолдану.

- грамматикалық заңдылықтарды сақтап, жағдаяттарға байланысты сұхбат құру;

- болашақ мамандығына қажетті кәсіби лексика және сөз тіркестерін пайдалану;

-теледидар, радио арқылы берілген ақпараттарды, тіл иесінің табиғи айтылған сөзін, өз мамандығы бойынша сұхбаттарды түсіне білу.

-Монолог түрінде берілген мәтіннің жеке мағыналық бөліктері бойынша негізгі ойды, ақпаратты есту тыңдау арқылы түсіне білу;

-Қазақ тіліндегі кәсіби бағдарлы жарнамаларды, іс-қағаздарды, нұсқауларды оқып, түсіну.;

- мәтін арқылы кәсіби білім өрісін кеңейту;

- мәтінге байланысты логикалық ойлау

-оқу мен аударуға қажетті лексикалық минимумды, мамандық бағытындағы терминдерді дұрыс қолдану.

- қазақ тілін кәсіби мамандықты игеру барысында, күнделікті өмірде пайдалану.

- қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы мен жазылуын;- орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарды;

- сөздердің лексикалық мағынасын;

- пунктуация заңдылықтарын.

- тіл дамытуда жаттығу жұмыстарын орындауды;

- сөздікпен жұмыс жасауды;

- сұхбат құруда сөздердің орын тәртібін;

- алған білімдерін өмірде, тәжірибеде, мамандығында пайдалануды меңгереді.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
Мәтіндер.....	5
Грамматикалық тапсырмалар.....	14
Тест	21
Кәсіби терминдердің қысқаша түсіндірме сөздігі	41
Әдибиеттер тізімі.....	46

Кіріспе

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алуына орай, ол негізгі пән ретінде оқу орындарының барлық деңгейлерінде, салаларында оқытылады.

Тіл үйретудің негізі – білім алушылардың сөздік қорын байыту және сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.

Неғұрлым көп сөз білсе, соғұрлым сөйлеуге жеңіл болады. Сөйлеуге дағдыландыру үшін пайдаланылатын басты материал – мәтін.

Әдістемелік құрал мәтіндерден, грамматикалық тапсырмалардан , тест және түсіндірме сөздіктен тұрады. Лексикалық тақырыптар, негізінен, тілдік жүйеге бағытталған. Грамматикалық тапсырмаларда сұрақ-жауап, аударма сияқты сөйлеу тілінің барлық қызметтері қамтылған.

Әдістемелік құралдың негізгі мақсаты – «Дизайн (бейін бойынша)» мамандығына сәйкес сөздік қорын молайту, білім алудағы мақсат жүйелілігі, тәрбиелеу, үйрету, дамыту.

Менің өмірбаяным

Мен,, 200... жылы дүниеге келдім. Менің туған күнім -
Туған жерім – Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы. Ұлтым - Мен
Қазақстан Республикасының азаматымын.

Менің отбасым ... адамнан тұрады: әкем, шешем және мен өзім. Әкем - ...,
шешем -

Мен өзім 200... жылы 1-інші сыныпқа бардым. Орта мектепті 200... жылы
бітірдім. ... жылы Құмаш Нұрғалиев атындағы колледжге оқуға түстім. Менің
болашақ мамандығым -

Менің сүйікті істерім: би билеу, өлең тыңдау , саяхат жасау , кітап оқу,
спортпен шұғылдану.

Мен шетелде болған жоқпын. Өзім және туыстарым сотталмаған.

Мен тұрмыста емеспін (бойдақпын).

Менің мекенжайым: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
... көшесі, ... үй, ... пәтер.

Үй телефоны нөмірі: Ұялы телефон нөмірі:

Менің өлкем

Менің туған жерім – Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы. Шығыс
өңірі асқақ тауларымен, қалың орман–тоғай, үлкен–кіші өзен, көлдерімен, түрлі
жабайы хайуанаттарымен белгілі.

Марқакөл, Алакөл, Зайсан көлдері қашан да мөп–мөлдір. Көлдері балық
пен құстарға толы. Марқакөл көлінің табиғаты ғажап. Көлдің маңы-
мемлекеттік қорық. Қорықта балықтың төрт түрі, құстың екі жүз түрі,
жануарлардың отыз тоғыз түрі бар. Кейбір құстар мен жануарлар «Қызыл
кітапқа» енгізілген.

Қатон–Қарағайдың да табиғаты ғажап. Бұл жерде «Рахман қайнарлары»
демалыс орны орналасқан. Мұнда дем алып, сауығуға алыс, жақын
шетелдерден де адамдар келеді. Осында табиғат байлықтарын сақтауға зор мән
берілген.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан түсті металл, электр қуатын өндірумен
де белгілі. Өскемен қаласы – облыс орталығы, өнеркәсіптік қала. Қаланың
іргетасы 1720 жылы қаланған. Біздің қаламыз жылдан–жылға көркем, әсем
болып өсіп келеді.

Маған өз өлкем ұнайды.

Менің қалам

Өскемен қаласы Алтай тауының бөктерінде орналасқан. Қаланың іргетасы 1720-сыншы жылы қаланған. Өскемен қаласы Шығыс Қазақстан облысының орталығы.

Қаламыздың көрнекті орындары өте көп. Олар: мәдениет үйлері, ескерткіштер, драма театры, кинотеатрлар, мұражайлар, саябақтар.

Өскемен қаласының табиғаты өте бай: өзендер, көлдер, таулар. Қала сыртында әдемі табиғат аясында көптеген демалыс орындары орналасқан.

Қала тұрғындары негізінен – металлургтер мен студенттер. Осында өнеркәсіп кең дамыған, олар ірі өндіріс орталықтары: «Қазмырыш» АҚ, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, ЖШС «Қазақмыс» корпорациясы, Машина жасау зауыты, Үлбі металлургия зауыты.

Өскемен қаласында кәсіптік білім беру жүйесі бойынша бірнеше жоғары оқу орындары, көптеген лицейлер мен колледждер бар.

Менің қалам жылдан-жылға көркейіп, өсіп келеді. Еуропалық стандартқа сәйкес көптеген жаңа ғимараттар салынуда, бірақ шешілмеген экологиялық, әлеуметтік мәселелер көп.

Менің оқу орным

Менің атым - Мен Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледжде оқимын. Колледж ғимараты Протозанов көшесі, 87-нші үйде орналасқан. Колледжде күндізгі және сырттай оқу бөлімшелері бар. Оқу семестрі екіге бөлінеді. Семестр соңында студенттер сынақ, емтихан тапсырады. Таңдаған мамандықтары бойынша әуелі оқу орнындағы шеберханаларда, кейін кесте бойынша өндіріс орындарында арнаулы тәжірибеден өтеді. Осында қазіргі заман талабымен жабдықталған шеберханалар, компьютерлік сыныптар бар. Колледждің кітапханасы мен оқу залы - білім алушылардың ең жиі келетін орны. Ол төртінші қабатта. Оқу залында керекті материалдардың көшірмелерін алуға, компьютерде мәтіндерді теруге, Интернетке шығуға болады.

Колледжде оқу мерзімі әр мамандық бойынша әртүрлі. Осында білікті, білімді мамандар - өз істерінің шеберлері жұмыс істейді.

Менің оқу орным – жеке меншік.

Менің мамандығым

Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Таңдаған мамандықты кәсіптік орта оқу орындарынан алуға болады. Жақсы маман болу үшін көп оқып, үйреніп, еңбек ету керек.

Менің атым - Мен Құмаш Нұрғалиев атындағы колледжде оқимын. Колледж Протозанов көшесі, 87-нші үйде орналасқан. Колледжде екі бөлімше бар. Олар: техника-гуманитарлық және сервистік бөлімшелері. Техника-

гуманитарлық бөлімшесінде: заңгер, бағдарламашы, автотехник мамандықтары, жоғары білікті есепші, технолог, маркетинг мамандықтары бойынша, сервистік бөлімшесінде шаштаразшы, туризм менеджері, дизайнер мамандықтары бойынша оқуға болады.

Менің болашақ мамандығым - Жақсы ... болу үшін оқу керек. Мамандығым ... саласына жатады. Мен ... жыл оқимын. Менің мамандығым қазіргі уақытта өте қажетті.

Менің мамандығым маған ұнайды.

Мамандық бойынша тіл дамытуға арналған мәтіндер Түс және оның қасиеттері

Түс- адамның көзімен қабылданатын физиологиялық сезім. Түс – табиғи көру қабілеті мен заттардың түстерінің байлығын көрсетуге негізделген көркем бейнелеу тәсілі. Барлық түстер екі топқа бөлінеді:

**хроматикалық (боялған),
ахроматикалық (бояусыз).**

Бірінші топқа барлық спектр түстер – қызыл, көк, сары және олардың аралас түстері кіреді. Екінші топқа- ақ, қара, сұр түстің барлық реңктері жатады.

Әрбір хроматикалық түстің өзіне тән үш қасиеті бар. Олар:

- түс реңкі;
- жарықтық;
- түс қанықтығы.

Хроматикалық түстерді қабылдауына қарай екі түрге бөлуге болады:
жылы түстер;
суық түстер.

Түстердің өзара үйлесімі кескіндемеде **колорит** ретінде өзгереді, ал сәулет өнерінде – **полихромия**. Колорит пен полихромияда түс қасиеттері үлкен қызмет атқарады(жылы және суық немесе қызыл, сары, сарғыш, көк жасыл, қызғылт). Түстің көркем шығармада қабылдануына қоршаған орта, жарық, арақашықтық әсер етеді.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді орыс тіліне аудару.
2. Мәтін бойынша сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. «Бояу», «байлық», «түс» сөздерін септеп, аударып, сөйлемдер құрастыру.

Дизайн

Дизайн (design) – ағылшын тілінен аударғанда жобалау, сызу, ойлап табу, сондай-ақ жоба, сызба, сурет деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі кезде бұл термин өндіріс бұйымдарын әрі ыңғайлы, әрі әдемі көркемдеп жобалау дегенді білдіреді. Дизайн – қоғамды индустрияландыруға байланысты пайда болған және қалыптасқан жаңа өнер түрі.

Қазіргі сәнгерлер мен киім өндірушілер өз жұмыстарында жаңа материалдарды пайдаланып, жаңа технологияға сүйенеді.

Дизайн – қоғамның бұқаралық қарым-қатынас құралы. Өйткені ол сауда өнімі арқылы өндіріс пен тұтынушыны байланыстырады.

Дизайн – көп өнім шығару мен қызмет көрсету қажетті сұраныс талабы жоғары қоғамның әлеуметтік-мәдени реттегіші.

Дизайн мен өнердің арасында айырмашылық бар: қолданбалы өнерде бұйымның көркем, әрлі нұсқасы дайындалса, дизайн - қоғаммен адамның нақты қажеттілігіне сәйкес жаңа міндеттерді шешуге бағытталады.

Жаңа модельді ойлап табушы, жасаушы автор сәнгер (модельер) деп аталады.

Сәнгер - киім моделін, бұйымның үлгілерін дайындаушы.

Дизайнер - заттардың көркемдеу жобасымен айналысатын суретші-құрастырушы маман. Дизайнерді **креатор** және **интерпретатор** деп бөледі.

Креатор жаңа идеяларды таратушы суретші. **Интерпретатор** біреудің идеясын дамытушы.

Кутюрье – киім пішуші, үлгіші.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді орыс тіліне аудару.
2. Мәтін бойынша сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. «Киім», «сурет», «іс» сөздерін тәуелдеп, аударып, сөйлемдер құрастыру.

Киім және оның жіктелімі

Киімдер тұрмыстық және арнайы киім болып бөлінеді.

Тұрмыстық киім-бұл күнделікті тұрмысқа және жұмысқа, мәдени орындар мен ойын - сауыққа, демалуға және үй шаруашылығына арнап киілетін киімдер.

Арнайы киімдер адамның қызметімен және оны қоршаған ортасымен байланысты. Мұндай киімдерге :

өндірістік; спорттық; эстрадалық; формалық киімдер жатады.

Киімдер жыл маусымына және қолдану ерекшелігіне қарай әр түрлі материалдардан дайындалады. Олар жүн, жібек, мақта, зығыр маталардан, сондай-ақ табиғи, синтетикалық және аралас талшықтардан тіліген киімдер.

Дайындау әдістеріне қарай: жіппен байланыстыру тәсілі (машина және қол еңбегі көмегімен), желімдеп байланыстыру, дәнерлеу және клепкалы; т.б тәсілдері жатады.

Қазіргі заманғы киім үлгілері адамның жас және жыныс ерекшелігіне, әркімнің киіну мақсатына, жыл мезгіліне мата түрі мен оны дайындау тәсіліне байланысты.

Жыныстық ерекшеліктеріне қарай киім: ерлер және әйелдер киімі, ал **жас ерекшеліктеріне қарай** ; балалар киімі, жастар, орта жастағы, егде жастағылар киім үлгілі болып бөлінеді.

Пайдалану мақсатына қарай киім: сыртқы киім, іш киім, корсетты, жағажайға арналған киім, бас киімдер болып бөлінеді.

Жыл мезгіліне қарай қолданылатын киімдер **маусымдық** деп бөлінеді, олар: қыстық, жаздық, күздік, көктемдік, көктем-күздік және жалпымаусымдық болып бөлінеді.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. « *Шаруашылығына, қызметімен, киімдерге, маталардан, ерекшеліктеріне, үлгілері* » сөздеріне морфологиялық талдау жасау.

Интерьер

Интерьер – бейнелеу өнерінің бір жанры болып табылады. Бұл жанр кескіндеме және графикада үлкен орын алады. Интерьерлік шығармалар арқылы өткен ғасырлардағы адамдардың тұрмыс-тіршілігін, оларды қоршаған ортадағы әр түрлі заттарды, бөлме ішінің сәулеттік безендірілуін тамашалап көруге болады. Сонымен қатар интерьер портреттік немесе тақырыптық шығарманың мазмұнын терең аша түсу үшін де бейнеленеді. Кез келген интерьерді бейнелеу үшін перспектива заңдылықтарын жақсы меңгеру қажет. Интерьер көріністерін және ондағы болып жатқан уақиғаларды бейнелеуге талпыныс Ежелгі Мысыр және антикалық өнерден басталады.

Интерьерді қарама-қарсы немесе бұрыштық перспективада бейнелеуге болады.

Қарама-қарсы перспективада бейнеленген интерьер сызықтары көкжиек сызығындағы бір нүктеде түйіндеседі.

Бұрыштық перспективада бейнеленген интерьер сызықтары көкжиек сызығындағы екі нүктеде түйіндеседі.

Перспектива – кеңістікті бейнелеу тәсілінің заңдары.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру. Бейнелеу өнері, кескіндеме, ғасыр, тұрмыс- тіршілік, қоршаған орта, бөлме іші, безендіру, сызық, қарама-қарсы, нүкте.
3. Мәтіннен «*Сын есім + зат есім*» сөз тіркестерін теріп, аудару.

Киіз үй және киіз үй интерьері

Көшпенділердің киіз үйі – адамзат тарихындағы ең бірінші архитектуралық құрылыс. Киіз үй құрылысына қарай төрт қанатты, алты қанатты, сегіз қанатты, он қанатты, тағы басқа болып тігіледі. Сегіз қанаттан үлкендерінің шаңырағы атпен көтеріледі. Мұндай үлкен үйлердің іші кең болып келеді. Бір бұрышы мен екінші бұрышындағылардың жай сөйлегендері бір-біріне естілмейді. Киіз үйлердің ақ орда, ақ отау, қараша, абылайша тағы басқа түрлері бар.

Киіз үйдің қаңқасы (сүйегі) ағаштан жасалады. Олар: уық, кереге, шаңырақ, сықырлауық (есік) табалдырық, бақан. Ал жүннен де жасалған жабдықтары бар. Олар: туырлық, үзік, түндік, киіз есік.

Киіз үй әбзелдері шиден, жүннен, қайыстан, теріден жасалады.

Абдыра – киім-кешек, басқа да бағалы заттарды сақтайтын сандық.

Ағаш төсек – адамның жатып тынығатын жиһазы.

Аяққап – ыдыс-аяқ сақтауға арналған қапшық.

Түскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһазы.

Текемет – бетіне түрлі – түсті ою-өрнек басылған киіз.

Құс төсек – құс жүнінен жасалған жұмсақ төсеніш.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. Септік жалғауы бар сөздерді теріп, аудару.

Акварель

«Акварель» деген атау латынның "agua" ("су") дейтін сөзінен шыққан. Бұл сөз суға езілетін бояуды да, сол бояумен салынатын шығармаларды да білдіреді.

Акварель бояу қағаз бетіне мөлдіреп түседі, сол мөлдірлік акварель туындыларының ең басты құнды қасиеті болып табылады. Суреттің бояу мөлдір жағылған жерлерінде қағаздың өз түсі көрініп жатады.

Бояуды қалың жағу керек тұстарға, әлденеше бояу қабаты түсіріледі, бірақ суретші сонда да мөлдірлікті жоғалтпауға тырысады. Көптеген суретшілер бір түс пен екінші түстің арасында кереғар айырмашылық болмау үшін де

акварель бояуларын пайдаланады: олар бір - біріне жігін білдірмей жалғасып, өте бір биязы жұмсақ реңк танытады.

Әр түсті бояулардың мұндай жымдаса атасуы акварельге өте - мөте тән.

Өнер туындыларының қандай болмасын үлкен - үлкен көрмелеріне арнайы каталогтар шығарылады. Онда шығармалары көрмеге қойылатын суретшілердің атақ - жөндері мен туындыларының аты жазылады. Ал, шығарманың атынан кейін әдетте «акварель"» «майлы бояу», «гуашь» деп, оның қандай бояумен салынғаны көрсетіледі. Ондай жазулар шығармаға жапсырылған жарлықтарда да ұшырасады.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. Сын есімді сөздерді теріп, аудару.

Гуашь

Гуашь масатының бетіндей біртегіс жұмсақ боп жағылады. Балалар, әсіресе, сәбилер осынау айқын да жарқын бояуды өте жақсы көреді. Онымен жұмыс істеу де өте оңай. Егер қағаз бетіне жаққан бояуың ұнамаса, оны үстінен басқа бір түсті бояу жағып өзгерте саласың. Орта ғасырларда гуашьтың көмегімен кітаптар әшекейленді. Кейін, гуашьпен салу техникасын портреттерді, эскиздарды және басқа да даярлану жұмыстарын орындау кездерінде қолданған. Ресейдегі «Бейнелеу әлемі» суретшілер одағы, гуашьпен үлкен станоктік шығармаларды, театрлық декорацияларды, киім-кешектердің суретін салуға қолданып отырған.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. Етістіктерді теріп жазып, түрлендіру.

Перспектива

Перспектива - бір шаршы кенепте қағаздың бетінде кеңістікті қалай бейнелеу туралы ілім. Ол бізге көз алдымыздағы болмысты сол көрініп тұрған қалпында бейнелеуге мүмкіндік береді.

Перспективаның заңдары өте көп, соның ең басты екеуін суретшілер қалайда білуге тиісті. Біріншісі, зат бізден неғұрлым алыс тұрса, ол солғұрлым кішкентай боп көрінеді. Екіншісі, параллель сызықтар бізден алыстаған сайын арасы жақындап, көкжиекте бір нүктеге тоғысып тынады.

Перспектива заңдылығын алғаш ашқандардың бірі - Қайта өрлеу дәуіріндегі атақты итальян сәулетшісі және суретшісі Брунемески. Оны зерттеумен Паоло Учелло, Пьероделла Франческа, Леон - Баттиста Альбертилер және сол дәуірдегі басқа да итальян суретшілері шұғылданған.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. Сан есім сөздерді теріп, түрлерін ажырату.

Қарындаш

Осы заманғы қарындашты ХҮІІІ ғасырдың аяғында француз оқымыстысы Н. Конте ойлап тапты. Сурет салуға қажетті қарындаштың ұзындығы көбінесе – 18см. Болып келеді. Ал, олардың сыртқы түрі әр түрлі болып келуі мүмкін, ол әр суретшінің өз талғамына байланысты. Көп жағдайларда алты қырлы қарындаштар қолдануға қолайлы. Себебі, бұл қарындаштың ұшымен ғана емес, оның қырымен де сурет салауға ыңғайлы. Дөңгелек қарындашқа келетін болсақ, саусақтарда тұрмай жылжи береді.

Қарындаштар қатты, жұмсақ боп екіге бөлінеді. Қатты қарындаштар сызуға пайдаланылады. Олардың сыртынан Т, 2Т, 3Т деген жазуларды көруге болады. «Т» орыстың «твердый» деген сөзін білдіреді, ал 2,3 деген цифрлар қарындаштың қаншалықты қатты екенін білдіреді. Мәселен «2Т» деген қарындаш жай «Т» – дан қаттырақ, ал – «3Т» әлгі екеуінен де қатты.

Сурет салуға жұмсақ қарындаш қолайлы. Олардың сыртына орыстың «мягкий» деген сөзін білдіретін «М» әрпі жазылады. «М» әрпінің қасындағы цифр неғұрлым көп болған сайын, қарындаш та солғұрлым жұмсақ болады. Суретшілер италия қарындашы деген арнаулы қарындашты пайдаланады. Ол жай қарындаштардан гөрі жуан жұғады, қағаз бетіне жұмсақ қара сызықтар салады.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. Септік жалғауы бар сөздерді теріп, аудару.

Графикалық дизайн

Графикалық дизайн – көркем жобалау қызметі , негізгі тәсілі-сурет. Оның мақсаты – полиграфия, кино, теледидар көмегімен көзбен көру арқылы қабылданатын ақпаратты және жасанды заттар мен заттық ортаның графикалық элементтерін құру.

Графикалық дизайнның түрлері : кітап және плакат, өндірістік графика(заттардың тауарлық белгілері және фирмалық таңбалар, қаптама, т.б), көзбен шолу коммуникациясы, теледидар графикасы, суперграфика(үлкен қала жабдықтарының графикасы).

Графикалық дизайнның маңызды қасиеті – ойдың мағынасын көзге көрсету, оның әр түрлі тәсілдері болуы мүмкін.Заттардың нақты бейнесін көрсетумен қатар, сөзді таңбамен береді, бұл жағдайда тек сөздің мағынасы ғана емес, оның бейне көрінісі де анықталады. Графикалық дизайнде суреттен басқа фотографика, монтаж, аппликация, типографика, компьютерлік графика қолданылады.

Тапсырмалар

1. Мәтінді аударып, оқу.
2. Мәтінге сұраулы сөйлемдер құрастыру.
3. «Графикалық», «бейнесін», «таңбалар» сөздеріне фонетикалық талдау жасау.

Етістік. Етістіктің бұйрық райы.

(Глагол. Повелительное наклонение глагола).

I. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді аударыңыз.

(Вместо многоточия подберите подходящие глаголы, переведите предложения).

1. Мен бүгін оқу үшін ақша
2. Біз ертең көрмеге
3. Сен қазір
4. Сендер майлы бояумен
5. Досым «Vita» дүкенінен қарындаштар
6. Студенттер емтиханға
7. Сіздер дипломдық жұмысты уақытында
8. Шеберім киім үлгілерін
9. Сіз ертең өнер мұражайына
10. Біз ескі жиһаздарды

Тиісті етістіктер:

дайындалсын, ауыстырайық, сатып алсын, көрсетсін, барайық, сурет сал, келіңіз, өткізіңіздер, төлейін, жұмыс істеңдер.

II. Берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

(Переведите данные предложения на казахский язык).

1. Садись! Садитесь!
2. Ответь(те) на вопросы!
3. Скажи(те), пожалуйста, который час?
4. Сходи(те) в библиотеку!
5. Запиши(те) в тетрадь!
6. Спроси(те) у преподавателя!
7. Сейчас поработай(те) с текстом.
8. Покажи(те) дипломную работу мастеру.
9. Принеси(те) на урок кисти и краски.
10. Укрась(те) комнату к празднику.

Етістіктің қалау райы.

(Изъявительное наклонение глагола).

- I. Тиісті етістіктерді таңдап, сөйлемдерді аударыңыз.
(Подберите подходящие глаголы, переведите).

1. Сенің практикаға ... ме?
2. Біздің мереке күндері
3. Студенттердің оқу үшін ақша
4. Менің адамның суретін
5. Сіздің бүгін «Оригами» ... ме?
6. Шеберімнің түстер туралы
7. Біздің шеберханада натюрмортты
8. Сендердің бояуларды
9. Біздің «Интерьер» журналын
10. Менің теледидардан «Квартирный вопрос» бағдарламасын

Тиісті етістіктер: салғым келеді, қарағымыз келеді, жасағыңыз келеді, демалғымыз келеді, көргім келеді, төлегілері келеді, айтқысы келеді, сатып алғыларың келеді, барғың келеді, бейнелегіміз келеді.

- II. Үлгі бойынша берілген сұрақтарға жауап беріп, аударыңыз.
(Ответьте на данные вопросы по образцу, переведите предложения).

Үлгі : - Сіздің жазда не істегіңіз келеді? (демалу).
- Менің жазда демал + ғы + м келеді. (Я хочу отдохнуть летом).

1. Сенің не істегің келеді? (жақсы жұмыс табу)
2. Досымның не істегісі келеді? (дизайнер болу)
3. Сіздің не істегіңіз келеді? (сурет салу)
4. Ертең сенің не істегің келеді? (интерьерді өзгерту)
5. Ертең Сіздің не істегіңіз келеді? (мұражайға бару)
6. Кеше олардың не істегілері келеді? (эскиз жасау)
7. Студенттердің не істегісі келеді? (сайысқа қатысу)
8. Шеберімнің не істегісі келеді? (суретімді көру)
9. Жазда студенттердің не істегілері келеді? (жұмыс істеу)
10. Ағамның не істегісі келеді? (өз ісін ашу)

**Етістіктің қалау райы.
(Изъявительное наклонение глагола).**

- I. Тиісті етістіктерді таңдап, сөйлемдерді аударыңыз.
(Подберите подходящие глаголы, переведите).

1. Сенің практикаға ... ме?
2. Біздің мереке күндері
3. Студенттердің оқу үшін ақша
4. Менің адамның суретін
5. Сіздің бүгін «Оригами» ... ме?
6. Шеберімнің түстер туралы

7. Қатысу	Сіздер
8. Өлшеу	Сіз
9. Жапсыру	Сендер
10. Тігу	Біз

II. Тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

(Вставьте подходящие глаголы и переведите предложения на русский язык).

1. Мен көрмеге ... жатырмын.
2. Өріптесім жұмыстан ... жатыр.
3. Сендер қандай жұмыс ... жатырсындар?
4. Дизайнер интерьер дизайнның ... жатыр.
5. Мен «Дизайн» мамандығы бойынша ... жүрмін.
6. Біз сайысқа ... жатырмыз.
7. Сен қарындашпен ... тұрсың.
8. Студенттер практикада қолөнері бұйымдарын ... жатыр.
9. Мен шеберіме дипломдық жұмысты ... тұрмын.
10. Сенің әжең алаша ... жатыр ма?

Етістіктің ауыспалы келер шағы.

(Переходное настоящее-будущее время глагола).

I. Тиісті есімдікті қойып, сөйлемдерді аударыңыз.

(Вставьте подходящие местоимения, переведите предложения).

Үлгі: ... бүгін мұражайға барамын.

Мен бүгін мұражайға барамын. *(Сегодня я пойду в музей).*

1. ... кешке «Жастар» саябағында кездесеміз.
2. ... емтиханды ертерек тапсырасың.
3. ... дүкеннен түрлі-түсті бояу, қылқалам сатып аламын.
4. ... ертең ертерек Өнер мұражайына келесіндер.
5. ... ою-өрнекті жасауды үйретеді .
6. ... сенбі күні белгілі суретшімен кездесуге барасыз ба?
7. ... коллаж техникасы туралы әңгімелейді.
8. ... петроглиф(тастағы таңбалар) туындыларын зерттейді.

Тиісті есімдіктер: Сіздер, олар, біз, мен, Сіз, сендер, сен,ол.

II. «... не істейді?» деген сұраққа жауабын тауып, үлгі бойынша жазып, аударыңыз.

(По образцу найдите ответ на вопрос: «Что делает ...?», переведите предложения на русский язык).

Үлгі: Әнші не істейді? - Әнші ән айт + а + ды. (Певец поет).

Әнші	киім үлгілерін жасау
есепші	компьютерде жұмыс істеу
дизайнер	заттарды сату
дәрігер	газетке мақала жазу
сатушы	өндіріс процессін бақылау
құрылысшы	көркемдеу жобасымен айналысу
бағдарламашы	балаларды оқыту
аспаз	киім тігу
шаштаразшы	ақша санау
технолог	жаңа үйлерді салу
оқытушы	шашты сәндеп беру
тілші	адамдарды емдеу
сәнгер	ән айту
тігінші	тамақ пісіру

Етістіктің жедел өткен шағы.

(Очевидное прошедшее время).

I. Тиісті етістіктерді тауып, сөйлемдерді аударыңыз.

(Подберите подходящие глаголы, переведите предложения).

1. Шеберім маған бейнелеу өнері туралы
2. Досым кеңсе тауарлары дүкенінен палитра
3. Суретші күні бойы портрет
4. Шешем жаз бойы алаша
5. Студенттер Этнографиялық саябақтың алдында
6. Қонақтар жерлес суретшінің көрмесін
7. Раиса Анатольевна мастер-класс
8. Зергерлер күміс пен алтыннан бұйымдарды
9. Менің досым жаңа қонақұйдің интерьерін
10. Көрмеде теріден және киізден жасалған бұйымдар

Тиісті етістіктер: аралады, көрсетті, болды, бояды, тоқыды, әшекеледі, жасады, кеңес берді, кездесті, сатып алды.

II. Берілген сөйлемдерді *Ауыспалы келер шақ және Өткен шаққа* қойып, аударыңыз.

(Данные предложения преобразуйте в Ауыспалы келер шақ и Өткен шақ, переведите).

Үлгі:

Мен дүкеннен бояу сатып ал + **ып тұрмын.** (*Я покупаю в магазине краску*).

Мен дүкеннен бояу сатып ал + **а + мын.** (*Я куплю в магазине краску*).

Мен дүкеннен бояу сатып ал + **ды + м.** (*Я купила в магазине краску*).

1. Ателье сағат оннан бастап жұмыс істеп тұр.
2. Тігіншілер жұмысқа ерте келе жатыр.
3. Сіз мұражайға бара жатырсыз ба?
4. «Даниэль» супермаркетінде кеңсе тауарларын сатып жатыр.
5. Мен бөлменің жобасын жасап жатырмын.
6. Студенттер дипломдық жұмысты қорғап жатыр.
7. Дизайнерлер көрмеге дайындалып жүр.
8. Сен майлы бояумен сурет салып отырсың ба?
9. Біз көрме экспонаттарын әкеле жатырмыз.
10. Мен «ОТТО» журналын қарап отырмын.

Сын есім.

(Имя прилагательное).

I. Үлгі бойынша сын есімдерге сұрақ қойып, сөйлемдерді аударыңыз.

(Задайте вопрос к имени прилагательному, переведите предложения).

Үлгі: Бояулар суық және жылы болып екі түрге бөлінеді. (Краски делятся на две группы – теплые и холодные.).

Бояулар қандай түрлерге бөлінеді?

1. Композиция – көркем шығарманың бөліктерінің қатынасы.
2. Акварельдің ең басты құнды қасиеті -мөлдірлік болып табылады.
3. Қатты қарындаштар сызуға пайдаланылады.
4. Икебана – көркемдік қасиеті бар гүлдер жинағын құрастыру өнері.
5. Коллаж- 1911-1916 жылдары кең тараған техникалық әдіс.
6. Сызықты графикада орындалатын сызулар алдымен қарындашпен сызылады.
7. Сурет салуға жұмсақ қарындаш қолайлы..
8. Киіз үй –көшпелі өмірге бейімделген, көшіп – қонуға ыңғайлы..
9. Графика көркем тұлғаны,шығарманы,қара-ақ сызықтарды қолдануға негізделген.

II. Антоним сөздерін тауып, аударып, сөйлемдер құрастырыңыз.

(Подберите антонимы, переведите их, составьте предложения).

Үлгі: Жылы – суық (*теплый – холодный*).

Мына сусын жылы, ал алма шырыны суық.

(*Этот напиток теплый, а яблочный сок холодный*).

егде	ескі
жаңа	жақсы
қара	қысқа
жаман	кең
арзан	лас
ұзын	жалқау
тар	жас
таза	қымбат
еңбекқор	дәмсіз
дәмді	ақ

Сан есім. Сағат неше?

(*Имя числительное. Который час?*)

I. Берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

(*Переведите данные предложения на казахский язык*).

1. Есть ли у Вас часы?
2. Можно ли спросить, который час?
3. У меня нет часов.
4. У меня есть часы.
5. Извините, пожалуйста, который час?
6. Скажите, пожалуйста, который час?
7. Сейчас половина восьмого утра.
8. Уже без пятнадцати минуты три.
9. Время ровно девять часов вечера.
10. Сейчас пять минут второго ночи.

II. Үлгі бойынша сөйлемдерді толықтырып, аударыңыз.

(*Дополните предложения по образцу, переведите*).

Үлгі: Мен таңертең сағат ... оянамын. (6.45).

Мен таңертең сағат **жетіге он бес минут қалғанда** оянамын.

(*Я утром просыпаюсь в 6.45.*)

1. Колледжде сабақтар сағат ... басталады. (8.30.)
2. Колледждің асханасы сағат ... ашылады. (10.00.)
3. Мен сағат ... өнер мұражайына барамын. (12.45.)
4. Сен колледжге сағат ... келесің бе? (8.15.)
5. Студенттер ертең көрмеге сағат ... барады. (10.10)

6. Әке-шешем жұмыстан сағат ... келеді. (18.40.)
7. Әпкем күндіз сағат ... ательеге барады. (15.30.)
8. Біз ертең сағат ... этнографиялық мұражайдың жанында кездесеміз.
(16.55.)
9. Біздің шеберіміз шеберханада сағат ... мастер-класс көрсетеді. (17.00.)
10. «Дизайн» студиясы сағат ... дейін жұмыс істейді. (19.00.)

ТЕСТ

1. «Өмірбаян» сөзіндегі жіңішке дауыстылар санын көрсетіңіз.

- A) 1;
- B) 2;
- C) 3;
- D) 4;
- E) 5.

2. Сөйлемді толықтырыңыз:

Мен Қазақстан Республикасының азаматы... .

- A) - мын;
- B) - мін;
- C) - бын;
- D) - бін;
- E) - пын.

3. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз: *Мен болашақ дизайнермін.*

- A) Я опытный дизайнер.
- B) Я будущий дизайнер.
- C) Я успешный дизайнер.
- D) Я молодой дизайнер.
- E) Я образованный дизайнер.

4. Тиісті жұрнақты көрсетіңіз:

Мен биыл колледжге оқуға түс...м.

- A) - ды;
- B) - ді;
- C) - ты;
- D) - ті;
- E) - кен.

5. «Мой адрес» сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- A) мекенжайымыз;
- B) мекенжайым;
- C) мекенжайыңыз;
- D) мекенжайың;
- E) мекенжайы.

6. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Занятия в колледже начинаются в 8.30.

- A) Колледжде сабақтар сағат сегіз жарымда аяқталады.
- B) Колледжде сабақтар сағат сегіз жарымда басталады.
- C) Колледжде сабақтар сағат сегізде басталады.
- D) Колледжде сабақтар сағат жеті жарымда басталады.
- E) Колледжде сабақтар сағат сегіз жарымда аяқталады.

7. Тиісті септеулікті көрсетіңіз:

Сабақтан ... үйге барамын.

- A) дейін;
- B) шейін;
- C) кейін;
- D) басқа;
- E) арқылы.

8. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

- A) сурет салу;
- B) сурет салды;
- C) сурет салады;
- D) сурет салар;
- E) сурет салмақ.

9. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Мен түскі асымды асханадан ішемін.

- A) Я завтракаю в столовой.
- B) Я перекусываю в столовой.
- C) Я обедаю в столовой.
- D) Я бываю в столовой.
- E) Я ужинаю в столовой.

10. «Бос уақытым» сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- A) мое свободное время;
- B) твое свободное время;
- C) наше свободное время;
- D) ваше свободное время;
- E) его свободное время.

11. «Мамандық» сөзіндегі ұяң дауыссыздар санын көрсетіңіз.

- A) 1;
- B) 2;
- C) 3;
- D) 4;

Е) 5.

12. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Чтобы стать хорошим специалистом нужно учиться.

- А) Жақсы маман болу үшін оқу керек.
- В) Жақсы мамандық алу үшін оқу керек.
- С) Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек.
- Д) Жақсы маман болу үшін демалу керек.
- Е) Жақсы мамандар болу үшін оқу керек.

13. Тәуелдік жалғаудың 1-інші жағында тұрған сөзді көрсетіңіз.

- А) мамандығың;
- В) мамандығы;
- С) мамандық;
- Д) мамандығыңыз;
- Е) мамандығым.

14. «Қызмет көрсету» сөз тіркесінің аудармасын көрсетіңіз.

- А) образование;
- В) обслуживание;
- С) обмундирование;
- Д) обследование;
- Е) обращение.

15. Сенің мамандығың жататын саланы көрсетіңіз.

- А) ауылшаруашылық саласы;
- В) ой еңбегі саласы;
- С) өндіріс саласы;
- Д) өнер саласы;
- Е) қызмет көрсету саласы.

16. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

В колледже есть мастерская дизайнеров.

- А) Колледжде дизайнерлер бөлмесі бар.
- В) Колледжде дизайнерлер шеберханасы бар.
- С) Колледжде дизайнерлер шебері бар.
- Д) Колледжде дизайнерлер бөлімшесі бар.
- Е) Колледжде дизайнерлер дәрісханасы бар.

17. Тиісті жалғауды көрсетіңіз:

Өмірде мамандық... түрі өте көп.

- A) - ның;
- B) – нің;
- C) - дың;
- D) - дің;
- E) - тың.

18. «Қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөзді көрсетіңіз

- A) қажет;
- B) қажетті;
- C) қажет етті;
- D) қажет болу;
- E) қажеттілік.

19. Тиісті демеулікті анықтаңыз:

Колледж Протозанов көшесінде орналасқан ...?

- A) - ма;
- B) - ме;
- C) - ба;
- D) - па;
- E) – пе.

20. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Мамандығым қазіргі уақытта қажетті.

- A) Моя профессия в настоящее время сложная.
- B) Моя профессия в настоящее время интересная.
- C) Моя профессия в настоящее время востребованная.
- D) Моя профессия в настоящее время трудоемкая.
- E) Моя профессия в настоящее время высокооплачиваемая.

21. Сөйлемді толықтырыңыз:

Студенттер көрмеден алған әсірлерін

- A) әңгімеле;
- B) әңгімелейін;
- C) әңгімелейік;
- D) әңгімелесін;
- E) әңгімелеу.

22. Тұйық етістіктің жұрнағын көрсетіңіз.

- A) - а;
- B) - е;
- C) - у;
- Д) - й;
- Е) - ер.

23. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Давай я покажу картины мастеру.

- A) Суреттерді шеберіме көрсет.
- B) Суреттерді шеберіме көрсетейік.
- C) Суреттерді шеберіме көрсетсін.
- Д) Суреттерді шеберіме көрсетейін.
- Е) Суреттерді шеберіме көрсетіңіз.

24. Тиісті есімдікті көрсетіңіз: ... табиғат көрінісін салайық.

- A) Мен.
- B) Сен.
- C) Біз.
- Д) Сендер.
- Е) Олар.

25. Тиісті тәуелдік жалғауын көрсетіңіз:

Біздің көрме... Тәуелсіздік күніне арналған.

- A) – ңыз;
- B) – ңіз;
- C) – іміз;
- Д) – мыз;
- Е) - міз.

26. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

- A) қызмет көрсетті;
- B) қызмет көрсетеді;
- C) қызмет көрсетер;
- Д) қызмет көрсету;
- Е) қызмет көрсетпек.

27. «Кутюрье» сөзіндегі қатаң дауыссыздар санын көрсетіңіз.

- A) 1;
- B) 2;
- C) 3;
- D) 4;
- E) 5.

28. Тиісті септік жалғауын көрсетіңіз:

Дизайнерлер жобалау... айналысады.

- A) - нен;
- B) - ден;
- C) - бен;
- D) - мен;
- E) - пен.

29. Тиісті жалғауды көрсетіңіз: Эскиз..., киім..., модель... .

- A) – лар;
- B) – лер;
- C) – дар;
- D) – дер;
- E) - тар.

30. Сөйлемді аяқтаңыз: Біз колледжде II-ші курста

- A) оқып жүр;
- B) оқып жүрмін;
- C) оқып жүрсің;
- D) оқып жүрсіз;
- E) оқып жүрміз.

31. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Ателье работают только днем.

- A) Ателье тек түнде жұмыс істейді.
- B) Ателье тек сенбіде жұмыс істейді.
- C) Ателье тек күндіз жұмыс істейді.
- D) Ателье тек кешке жұмыс істейді.
- E) Ателье тек демалыста жұмыс істейді.

32. «Прикладное искусство» сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- A) сөз өнері;
- B) кәсіби өнер;
- C) қолданбалы өнер;
- D) сәулет өнері;
- E) бейнелеу өнері.

33. «Суретшілер» сөзіне қойылатын сұрақты көрсетіңіз.

- A) Кім?
- B) Кімнің?
- C) Кімдер?
- D) Кімі?
- E) Кіммен?

34. «Өнер мұражайында» сөз тіркесі қай септікте тұрғанын көрсетіңіз.

- A) ілік септік;
- B) барыс септік;
- C) табыс септік;
- D) жатыс септік;
- E) шығыс септік.

35. Тек қана жіңішке дауысты дыбыстан тұратын сөзді көрсетіңіз.

- A) жобалаушы;
- B) креатор;
- C) интерпретатор;
- D) сәнгер;
- E) қатысушы.

36. «Маусымдық киім» сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- A) летняя одежда;
- B) верхняя одежда;
- C) сезонная одежда;
- D) зимняя одежда;
- E) теплая одежда.

37. Тиісті септеулікті көрсетіңіз:

Жыл маусымына ... киім әртүрлі матадан жасалады.

- А) басқа;
- В) арқылы;
- С) үшін;
- Д) қарай;
- Е) туралы.

38. Тиісті жалғауды көрсетіңіз:

Спорттық киімдер арнайы дүкендер... сатылады.

- А) - да;
- В) - де;
- С) - та;
- Д) - те;
- Е) – нда.

39. «Суық» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- А) мөлдір;
- В) жылы;
- С) сұйық;
- Д) қою;
- Е) ашық.

40. «Выставка художника» сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- А) суретшінің жұмысы;
- В) суретшінің мұражайы;
- С) суретшінің көрмесі;
- Д) суретшінің өмірбаяны;
- Е) суретшінің еңбегі.

41. «Дизайн» сөзіндегі дауыстылар санын көрсетіңіз.

- А) 1;
- В) 2;
- С) 3;
- Д) 4;
- Е) 5.

42. Мақсатты келер шақтың жұрнақтарын көрсетіңіз.

- А) – а/ - е/ - й;
- В) – ар/ - ер/ - р;
- С) - мақ/ - мек/ - бақ/ - бек/ -пақ/ - пек;

- Д) – ма/ - ме/- ба/ - бе/ - па/ - пе;
Е) – ды/ - ді/ - ты/ - ті.

43. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Я собираюсь открыть мебельный салон.

- А) Мен жиһаз салонын аштым.
В) Мен жиһаз салонын ашамын.
С) Мен жиһаз салонын ашармын.
Д) Мен жиһаз салонын ашпақпын.
Е) Мен жиһаз салонын ашқанмын.

44. «Жобалар, сызбалар, суреттер» сөздеріндегі жалғау түрін көрсетіңіз.

- А) жіктік жалғау;
В) тәуелдік жалғау;
С) көптік жалғау;
Д) жуан жалғау;
Е) септік жалғау.

45. Тиісті жалғауды көрсетіңіз:

Сатылым... «Сэн» және «Отто» журналдары бар.

- А) - да;
В) - де;
С) - та;
Д) - те;
Е) – нда.

46. «Выбор тканей» сөз тіркесінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- А) маталар көрсету;
В) маталар таңдау;
С) маталар сатып алу;
Д) маталар әкелу;
Е) маталар тарату.

47. Болжамды келер шақтың жұрнақтарын көрсетіңіз.

- А) – а/ - е/ - й;
В) – ар/ - ер/ - р;
С) - мақ/ - мек/ - бақ/ - бек/ -пақ/ - пек;
Д) – ма/ - ме/ - ба/ - бе/ - па/ - пе;

Е) – ды/ - ді/ - ты/ - ті.

48. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Біз болашақта жобалаумен айналысармыз.

- А) Возможно, в будущем мы будем заниматься проектированием.
- В) Возможно, в будущем мы будем заниматься бизнесом.
- С) Возможно, в будущем мы будем заниматься конструированием.
- Д) Возможно, в будущем мы будем заниматься садоводством.
- Е) Возможно, в будущем мы будем заниматься моделированием.

49. Сөйлемді толықтырыңыз: *Сэнгер ...*

- А) жобалаумен айналысады;
- В) киім тігеді;
- С) киім үлгілерін ұсынады;
- Д) идеяларды дамытады;
- Е) сурет салады.

50. Мақалды толықтырыңыз: *... рет өлшеп, бір рет кес.*

- А) үш;
- В) төрт;
- С) бес;
- Д) алты;
- Е) жеті.

51. «Бояусыз» сөзіндегі қатаң дауыссыздар санын көрсетіңіз.

- А) 1;
- В) 2;
- С) 3;
- Д) 4;
- Е) 5.

52. Сөйлемді толықтырыңыз: *Барлық түстер екі топқа ...*

- А) болады;
- В) барады;
- С) бөледі;
- Д) бөлінеді;
- Е) бояйды.

53. «Айналысу» сөзінің аудармасын көрсетіңіз.

- А) готовится;
- В) пользоваться;

- С) отправиться;
- Д) встречаться;
- Е) заниматься.

54. Сөйлемді толықтырыңыз: Негізгі түстер -

- А) сары, жасыл, көк;
- В) сары, қызыл, көк;
- С) сары, қоңыр, көк;
- Д) сары, қызыл, қоңыр;
- Е) қоңыр, қызыл, көк.

55. Сөйлемді аударыңыз:

Сегодня мы хотим подготовить эскизы.

- А) Біздің бүгін эскиз дайындағымыз келеді.
- В) Біздің бүгін эскиз дайындағымыз келмеді.
- С) Біздің бүгін эскиз дайындағымыз келмейді.
- Д) Біздің бүгін эскиз дайындағымыз келген жоқ.
- Е) Біздің бүгін эскиз дайындағымыз келер.

56. Сөйлемді аяқтаңыз: Болашақта атақты дизайнер

- А) барғым келеді;
- В) жасағым келеді;
- С) болғым келеді;
- Д) білгім келеді;
- Е) айтқым келеді.

57. «Маталардан» сөзіндегі жалғау түрлерін анықтаңыз.

- А) тәуелдік жалғау, жекеше түрі;
- В) көптік жалғау, жіктік жалғау;
- С) тәуелдік жалғау, көпше түрі;
- Д) көптік жалғау, септік жалғау;
- Е) септік жалғау, жіктік жалғау.

58. Сөйлемді толықтырыңыз:

Түс – адамның ... қабылданатын физиологиялық сезім.

- А) құлағымен;
- В) мұрнымен;
- С) көзімен;
- Д) басымен;
- Е) тілімен.

59. Тиісті септеулікті көрсетіңіз:

Хроматикалық түстерді қабылдауына ... екі түрге бөлуге болады.

- А) бойынша;
- В) жайында;
- С) басқа;
- Д) қарай;
- Е) жағынан.

60. Жедел өткен шақта тұрған етістікті көрсетіңіз.

- А) жобалау;
- В) жобалады;
- С) жобалап жатыр;
- Д) жобалайды;
- Е) жобаламақ.

61. «Бейнелеу» сөзіндегі ұяң дауыссыздар санын көрсетіңіз.

- А) 1;
- В) 2;
- С) 3;
- Д) 4;
- Е) 5.

62. Етістіктің шағын анықтаңыз:

Студенттер киізден жасалған бұйымдар көрмесіне барған.

- А) ауыспалы келер шақ;
- В) бұрынғы өткен шақ;
- С) анық өткен шақ;
- Д) нақ осы шақ;
- Е) жедел өткен шақ.

63. Тиісті жұрнақты жалғаңыз:

Әбілқан Қастеев атақты суретші бол... .

- А) - пен;
- В) - қан;
- С) - кен;
- Д) - ған;
- Е) - ген.

64. «Қол жұмыстарын» сөз тіркесіндегі септік жалғауының түрін анықтаңыз.

- А) ілік септік;
- В) барыс септік;
- С) табыс септік;
- Д) көмектес септік;
- Е) шығыс септік.

65. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз:

Оказывається, в городе открылся новый салон штор.

- А) Қалада жаңа перделер салоны ашылды.
- В) Қалада жаңа перделер салоны ашылады.
- С) Қалада жаңа перделер салоны ашылмақ.
- Д) Қалада жаңа перделер салоны ашылыпты.
- Е) Қалада жаңа перделер салоны ашылар.

66. Тиісті жұрнақты көрсетіңіз:

Колледжде дизайнерлер арасында сайыс өт...ті .

- А) - п;
- В) - ып;
- С) - іп;
- Д) - е;
- Е) - й.

67. Тиісті сын есімді көрсетіңіз: Тушь - ... бояу.

- А) суық;
- В) сұйық;
- С) сыртқы;
- Д) салқын;
- Е) сары.

68. «Изобразительное искусство» сөз тіркесінің аудармасын көрсетіңіз.

- А) сәулет өнері;
- В) қол өнері;
- С) бейнелеу өнері;
- Д) көркемдеп жазу өнері;
- Е) зергерлік өнер.

69. Сөйлемді толықтырыңыз: Бейнелеу өнерінің жанрлары

- A) пейзаж;
- B) портрет;
- C) натюрморт;
- D) интерьер;
- E) бәрі дұрыс.

70. Тиісті жұрнақты жалғаңыз:

Эскиз – жоба... сурет.

- A) - лік;
- B) - лық;
- C) - дік;
- D) - дық;
- E) - тік.

71. «Суық» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- A) жаман;
- B) жұмсақ;
- C) жаңа;
- D) жуан;
- E) жылы.

72. Тиісті септеулікті қойыңыз:

Коллаж – әр түрлі маталарды жапсыру ... орындалатын көркемдік жұмыс.

- A) туралы;
- B) басқа;
- C) арқылы;
- D) бұрын;
- E) бастап.

73. Ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді көрсетіңіз.

- A) шолпы;
- B) сырға;
- C) жүзік;
- D) алқа;
- E) сақина.

74. «Саукелені әшекейлеу» сөз тіркесінің аудармасын көрсетіңіз.

- A) примерять саукеле;
- B) покупать саукеле;
- C) подбирать саукеле;
- D) расшивать саукеле;
- E) украшать саукеле.

75. «Зергерлік бұйымдардан» сөз тіркесіндегі жалғау түрлерін анықтаңыз.

- A) көптік жалғау, септік жалғау;
- B) тәуелдік жалғау, септік жалғау;
- C) жуан жалғау, септік жалғау;
- D) жіктік жалғау, септік жалғау;
- E) көптік жалғау, тәуелдік жалғау.

76. Сөйлемді аударыңыз: *Мне нравятся изделия из серебра.*

- A) Маған күмістен жасалған бұйымдар ұнайды.
- B) Маған алтыннан жасалған бұйымдар ұнайды.
- C) Маған қалайыдан жасалған бұйымдар ұнайды.
- D) Маған теріден жасалған бұйымдар ұнайды.
- E) Маған ағаштан жасалған бұйымдар ұнайды.

77. Тиісті есімдікті табыңыз: ... бояу мен қылқаламды жиі сатып аламыз.

- A) Біз.
- B) Олар.
- C) Сендер.
- D) Мен.
- E) Сіздер.

78. «Современные здания» сөз тіркесінің аудармасын көрсетіңіз.

- A) замануи даңғылдар;
- B) замануи ғимараттар;
- C) замануи ескерткіштер;
- D) замануи тұрғын үйлер;
- E) замануи ағымдар.

79. «Киімдер, бұйымдар, үлгілер» сөздеріндегі жалғау түрін анықтаңыз.

- A) септік жалғау;

- В) тәуелдік жалғау;
- С) көптік жалғау;
- Д) жіктік жалғау;
- Е) жуан жалғау.

80. Тиісті септеулікті қойыңыз:

Ұлттық киімді тігу ... ою-өрнек үлгілерін білу керек

- В) - үшін;
- С) - туралы;
- Д) - кейін;
- Е) - арқылы.

81. Етістіктің шағын анықтаңыз:

Дизайнерлер курстық жұмыстарын қорғап жатыр.

- А) ауыспалы келер шақ;
- В) мақсатты келер шақ;
- С) болжамды келер шақ;
- Д) нақ осы шақ;
- Е) жедел өткен шақ.

82. Қатаң дауыссыз дыбысқа аяқталатын сөзді көрсетіңіз.

- А) киім;
- В) жоба;
- С) интерьер;
- Д) ғимарат;
- Е) жиһаз.

83. «Электронное учебное пособие» сөз тіркесінің аудармасын көрсетіңіз.

- А) электрондық оқу құралы;
- В) электрондық оқу кітабы;
- С) электрондық оқу оқулығы;
- Д) электрондық оқу материалы;
- Е) электрондық оқу бағдарламасы.

84. Тиісті сөзді көрсетіңіз:

Күн сайын Интернет арқылы ... жасауға болады.

- А) үзіліс;
- В) байланыс;
- С) табыс;

- Д) кіріс;
- Е) шығыс.

85. Сөйлемді толықтырыңыз: ... – ғимараттың ішкі көрінісі.

- А) фасад;
- В) интерьер;
- С) экстерьер;
- Д) пленер;
- Е) эскиз.

86. Тиісті септік жалғауын көрсетіңіз: Киіз үй... интерьері.

- А) - ның;
- В) - нің;
- С) - дың;
- Д) - дің;
- Е) - тің.

87. Сөйлемді толықтырыңыз: Зергер - ... жасайтын адам.

- А) әшекейлі бұйымдар;
- В) жұмсақ бұйымдар;
- С) қатты бұйымдар;
- Д) керекті бұйымдар;
- Е) арнайы бұйымдар.

88. «Ассортимент» сөзінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- А) зат атаулары;
- В) зат түрлері;
- С) зат бөлшектері;
- Д) зат мөлшері;
- Е) зат түстері.

89. Етістіктің шағын анықтаңыз:

Айша Ғалымбаева натюрморт жанры бойынша шығармалар жазды.

- А) ауыспалы келер шақ;
- В) мақсатты келер шақ;
- С) болжамды келер шақ;
- Д) нақ осы шақ;
- Е) жедел өткен шақ.

90. Сөйлемді толықтырыңыз: *Қарындашты үш ... гана ұстау керек.*

- A) қолмен;
- B) аяқпен;
- C) саусақпен;
- D) тіспен;
- E) көзбен.

91. «Көлеңке» сөзінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

- A) тень;
- B) тент;
- C) течь;
- D) тип;
- E) тон.

92. Сөйлемді толықтырыңыз:

Бейне жарыққа жақын болса, көлеңке

- A) кішірейеді;
- B) үлкейеді;
- C) ұзарады;
- D) қысқарады;
- E) жарқырайды.

93. Тиісті табыс септігін жалғаңыз:

Портрет салу үшін адам басының суреті... салып, жаттығу қажет .

- A) - ні;
- B) - ны;
- C) - ды;
- D) - ді;
- E) - н.

94. Сөйлемді толықтырыңыз:

Суреттегі керексіз сызықтарды өшіру ... жұмсақ ақ өшіргіш қолданылады.

- A) - дейін;
- B) - үшін;
- C) - туралы;
- D) - кейін;
- E) - арқылы.

95. «Жұмсақ» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- A) қатты;
- B) қалың;
- C) қатпар;
- D) қатар;
- E) қиын.

96. Тиісті сөзді көрсетіңіз:

Коллаж үшін кез келген материалдарды ... болады.

- A) қолдануға;
- B) қолданудың;
- C) қолдану;
- D) қолдануда;
- E) қолданудан.

97. Сан есімнің түрін анықтаңыз:

*Жігітке жеті өнер аз,
Жетпіс өнер көп емес.*

- A) есептік сан есім;
- B) реттік сан есім;
- C) болжамдық сан есім;
- D) бөлшектік сан есім;
- E) жинақтық сан есім.

98. Тиісті сұраулы демеулікті көрсетіңіз:

Сен «Дизайн» мамандығы бойынша оқып жүрсің ... ?

- A) - ба;
- B) - бе;
- C) - ма;
- D) - ме;
- E) - пе.

99. Сөйлемді толықтырыңыз:

Сәндік қолданбалы өнер туындыларына ... жатады.

- A) жиһаздар, тұрмыстық заттар, есептер;
- B) жиһаздар, тұрмыстық заттар, бояулар;
- C) жиһаздар, тұрмыстық заттар, балалар;
- D) жиһаздар, тұрмыстық заттар, бөлмелер;
- E) жиһаздар, тұрмыстық заттар, ойыншықтар.

100. Мақалды толықтырыңыз:

Бояушы, бояушы дегенге, ... бояр.

- A) қолын;
- B) бетін;
- C) сақалын;
- D) мұртын;
- E) көзін.

Кәсіби терминдердің қысқаша түсіндірме сөздігі

Абдыра – киім-кешек салатын үлкен сандық.

Абажа – ас, тағам салуға арналған сандық.

Абстракционизм – тақырыпсыз өнер, шынайы бейнелігі жоқ өнер.

Авангардизм – ХХ ғасыр көркемсурет өнеріндегі құбылыстың шартты атауы.

Автогравюра – гравюра, ағаш, линолеум немесе металдың бетіне автордың өзі орындаған әдісі.

Автопортрет – адамның өз келбетін өзі бейнелеуі.

Адалбақан – киім тағы басқа үй мүліктерін ілуге арналған жиһаз.

Акрополь – биік жерге бекініспен күшейтіліп салынған Ежелгі Грекия қалаларының орталық бөлігі.

Акварель – суға жақсы еритін бояу.

Акцент – көрерменнің назарын әдейі аудару үшін бейнелеуде қолданылатын тәсіл.

Алаша – түрлі-түсті жіптерден жолақ салып тоқылған өрнекті төсеніш.

Аллаприма – акварель бояумен дымқыл қағазда жылдам орындалатын шығарма.

Амфора – Ежелгі Грекияда көп тараған екі тұтқалы құмыра.

Анатомия – тәнтану; адамның дене құрылысын зерттейтін ғылым.

Анималистік жанр – хайуанаттар дүниесі бейнеленген көркем шығарма.

Аппликация – жабыстыру немесе қиыстыру арқылы орындалған көркем шығарма.

Архитектура – сәулет өнері.

Асадал – тамақ пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған жиһаз.

Багет – картинаның безендіруге арналған жиектеме.

Бақан – киіз үйдің шаңырағын көтеретін аша бас сырық ағаш.

Барельеф – оймабедер; тегістік бетіндегі мүсіндік бейнелеудің түрі.

Басқұр – керегенің уық байланған бастарының сырт жағынан жүргізілетін жалпақ бауы.

Бастырма – сәндік қолөнері бұйымдарын жасауда қолданылатын тәсіл.

Батальды жанр – соғыс тақырыбы бейнеленген көркем шығарма.

Батик – матаға бояумен салынған сурет.

Блик – жылт.

Бюст – кеуделік мүсін.

Вернисаж – көркем шығармалық көрменің салтанатты ашылуы.

Витраж – терезе немесе есік шыналарына салынған көркем суреттер мен өрнектер.

Галерея – көркем шығармалар қоры жинақталған орын.

Гармония – бояу үйлесімділігі.

Геометриялық мәнер – геометриялық ою-өрнектер мен әшекейлік заттар, бұйымдар.

Глазурь – қыш ыдыстардың сыртына пайдаланатын шыны тәріздес жылтыр қабат.

Гобелен – сурет салып тоқылған кілем, Париждік бояушылардың атымен аталған.

Готика – Орта ғасырлық Еуропа өнері.

Гоуа – жібек матаға бояумен орындалған Қытай кескіндемесі.

Графика – бір түсті бояу қарындаш, тушь арқылы орындалған сурет.

Гризайль – бір түсті бояумен орындалған көркем шығарма.

Гуашь – суға езілетін қою бояу.

Ғимарат – сәулеттік құрылыс.

Декорация – сахна көрінісін безендіру.

Детализация – затты бүтіндей көру арқылы ұсақ бөлшектерін тәптіштей жазу.

Дизайн – заттардың көркемдік үлгісін жасау.

Диптих – бір тақырыпта орындалған қос шығарма.

Ер-тұрман – ер-тоқымның әбзелдері мен жабдықтары.

Ескерткіш – бір маңызды оқиғаға немесе адам қойылған монументті бейне немесе құлпытас.

Жанр – әр түрлі көркем шығармалардың мазмұны мен тұтастығын білдіреді.

Жарнама – афиша секілді уағыздау ісінде қолданады.

Жұмыр мүсін – үш өлшемді тұтас массалы денеден тұрады.

Зергер – әшекейлі бұйымдар жасайтын адам.

Икебана – кептірілген өсімдіктерді пайдалану арқылы жасалған көркем шығарма.

Икона – ағаш тақтаға бояумен салынған діни шығарма.

Иллюстрация – кітап безендіруде қолданылатын көркем сурет.

Импрессионизм – 19 -20 ғасырдағы бейнелеу өнеріндегі ағым.

Интерьер – ғимараттың ішкі көрінісі.

Каллиграфия – көркемдеп жазу өнері.

Картина – көркем шығарма немесе кескіндеме туындысы.

Карикатура – әзіл-сықақтық бейне.

Кенеп - кендір жіптен тоқылған мата.

Керамика – қыш ыдыстар мен бұйымдар.

Кернеулі кескіндеме – бояу өте қалың жағылған кескіндемелік тәсіл.

Кесте – матаға тоқылған өрнек сурет.

Киіз үй – көшпелі өмірге бейімделген, көшіп-қонуға ыңғайлы тұрғын үйдің бір түрі

Коллаж – әр түрлі маталарды жапсыру арқылы орындалатын көркемдік жұмыс.

Коллекция – бейнелеу өнері шығармаларын жинақтау.

Колорит – ең басым бояу түсі.

Композиция – көркем шығарманы үйлестіріп құрастыру.

Контраст – қарама-қайшы рең немесе бояу: ақ пен қара, қызыл мен көк.

Контур – затты белгілеудегі сыртқы тұтас сызық.

Көкжиек сызығы – көз деңгейіндегі түзу сызық.

Көлеңке – белгілі заттың сәуле түспеген қарсы беті.

Көркемдік баға – көркем шығарманың сапалы орындалуы мен құндылығына берілетін баға.

Көшірме – түпнұсқадан көшірілген көркем шығарма.

Ксилография – дөңес гравюраның бір түрі.

Кубизм – XX ғасырдың басындағы бейнелеу өнеріндегі модернистік ағым.

Өкілдері: П.Пикассо, С.Айтбаев, Қ.Есіркеев.

Кілем – түрлі-түсті жіптен тоқылған бұйым (түкті кілем, тақыр кілем).

Қарындаш – сыртқы ағаштан, өзегі графиттен жасалған сызу құралы.

Қолөнер – сәндік дәстүрлік қолөнер.

Қылқалам – бояумен жұмыс істеуге арналған құрал.

Лессировка – шығарманың кепкен бояуының үстінен жұқа мөлдір бояу жағу тәсілі.

Литография – тасқа бедерлеу арқылы қағазға көшірілген сурет.

Лувр – дүние жүзіне әйгілі Париждегі бейнелеу өнері мұражайы.

Майлы бояу – өсімдік майы, жаңғақ, зығыр және әртүрлі лактың қосындысынан тұратын бояу.

Макет – болашақ бұйымның үлгісі.

Маринист – теңіз көрінісін бейнелейтін суретші.

Мастихин – картина бетін немесе палитраны бояудан тазартуға арналған құрал, кейде қылқалам орнына да пайдаланылады.

Миниатюра – өте нәзік көркемдік әдіспен жазылған шағын көркем шығарма.

Модель – өлшем, үлгі. Мысалы: киім үлгісі.

Модернизм – 19-20 ғасырда Еуропа мен Америка өнерінде байқалған бағыт.

Мозайка – әр түрлі шыны тастардан жасалған сурет.

Монумент – тарихи жағдайларға, жеке қайраткерлерге арналған ескерткіш.

Мүсін – кеңістікте сомдалған көркем шығарма.

Натюрморт – заттар мен бұйымдар бейнеленген көркем шығарма.

Нобай – негізгі көрініс бейнеленген сызықпен салынған сурет.

Орнамент – әшекей, нақыш. Белгілі бір жүйемен орналасқан өрнек.

Офорт – металға салынған гравюраның түрі.

Ою-өрнек – халық қолөнерінің қолтаңбасы.

Палитра – бояу езуге, араластыруға арналған жұқа тақтайша.

Панно – ғимараттың ішкі қабырғасына немесе төбесіне майлы бояумен мүсіндік бедермен салынған әсем сурет.

Пастель – кескіндемелік құрғақ бор тәріздес бояу.

Пейзаж – табиғат көрінісі бейнеленген көркем шығарма.

Перспектива – кеңістікті бейнелеу тәсілінің заңдары.

Пирамида – Мысырдағы зәулім құрылыс.

Плакат – жарнамалық сурет.

Пластика – мүсіндік өнер.

Пластелин – мүсін жасауға арналған жұмсақ материал.

Пленер – табиғат көрінісін тікелей бейнелеу.

Портрет – адамның келбеттік тұлғасы бейнеленген көркем шығарма.

Постимпрессионизм – 19-20 ғасыр француз кескіндеме өнеріндегі бағыт (П.Сезанн Ван-Гог).

Пропорция – сәйкестік.

Профиль – нәрсені қырынан бейнелеу.

Реалистік кескіндеме – шынайы бейнеленген көркем шығарма.

Ренессанс – осы дәуірдің архитектуралық стилі.

Рең – ақ түспен пен қара түс арасындағы қатынас.

Рефлекс – нәрселердегі бояу түстерінің шағылысуы негізінде пайда болған реңдік қатынас.

Рококо – Батыс Еуропа өнерінде 18 ғасырда байқалған көркем бағыт.

Роман өнері – Орта ғасырлардағы Еуропа өнері.

Ротонда – дөңгелене тұрғызылған құрылыстардың жалпы сипаттама атауы

Сангина – сурет салуға арналған қызғылт түсті таяқша бояқ.

Симметрия – ортаңғы бөлікке тең сәйкестік.

Стека – мүсіндеуге пайдаланатын қалақша.

Стела – тігінен тұрғызылған тас тақта.

Тарихи жанр – тарихи оқиғалар бейнеленген көркем шығарма.

Текемет – түрлі-түсті ою-өрнек салып бастырған сәнді киіз.

Темпера – баспа бояуы.

Торс – адамның мүсінделген жұмыр бейнесі.

Трептих – бір тақырыпқа орындалған үш бөліктен тұратын көркем туынды.

Тушь – сұйық бояу.

Тұрмыстық жанр – күнделікті өмір тұрмысы бейнеленген көркем шығарма.

Тұс киіз – тұсқа ілінетін әшекейлі бұйым.

Түпнұсқа – алғашқы негіз, бастапқы сурет.

Түссіз бояу – ақ, сұр, қара түсті бояулар.

Түсті бояулар – қызыл, көк, сары түсті бояулар.

Фактура – бояумен орындалған бедерлі сурет.

Фасад – құрылыстың алдынан қараған сыртқы көрінісі.

Форма – нәрсенің сыртқы пішіні.

Фрагмент – көркем шығарманың бір бөлігі.

Фреска – дымқыл сылақ үстіне сулы бояумен орындалған кескіндеме.

Шекіме (чеканка) – металл бетінде бедерленген сурет.

Шерулі портрет – рнаулы тапсырыс бойынша орындалған суреттер.

Шрифт – әріп жазу үлгісі.

Шым ши – өрнектеліп тоқылған ши.

Шілтер – тоқылған әшекей бұйым.

Экстерьер – ғимараттың сыртқы көрінісі.

Эмблема – шартты белгілер салынған сурет.

Эскиз – жобалық сурет.

Этюд – аз уақытта орындалған көркем шығарма.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байсақалова Ұ.С.Қазақ тілі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2007.
2. Кубаева И. Казахский язык: Просто о невероятно сложном. Kazakh language. Made Easy. Алматы, 2005.
3. Романенко Е. Казахская грамматика для русскоязычных: справочник – самоучитель для начинающих с упражнениями и ответами. Алматы: ИП Романенко Е.И. 2004
4. Бизаков С. Казахский язык: просто о сложном Оқу құралы. Алматы: Атамұра, 2002.
5. Бектұров Ш., Бектұрова А. – Қазақ тілі для начинающих. Алматы: «Рауан», 1994.
6. Құлмағамбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге көмек. Алма-Ата: «Рауан», 1990.
7. Сариева Ұ. Қазақша сөйлеп үйренейік (Қазақ тілін үйренушілерге арналған құрал). Алматы: «Рауан», 1995.
8. Амандықова Д., Мәуленова Г. Дизайнерге арналған сөздік-анықтама Астана: «Фолиант» баспасы, 2009
9. Мәуленова Г., Амандықова Д. Дизайнерге арналған практикум Астана: «Фолиант» баспасы, 2010.
10. Айгужинова А.З. Кәсіби қазақ тілі: пәндік оқу-әдістемелік нұсқау Дизайн мамандықтарының студенттеріне арналған Павлодар: 2011